



№41 (8981),
жұма, 20 қазан
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ III ФОРУМЫНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қазақстан Президентінің Бейжіңге ресми сапарының екінші күні «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысудан басталды.

Мемлекет басшысы дәстүрлі қонақжайлығы мен форумды мінсіз ұйымдастырғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қытайдың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі шешуші рөліне назар аударып, оны экономикалық және технологиялық дамудың локомотиві ретінде атап өтті.

«Қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналды. Бұл жоба Қытайдың экономикалық қуатын, сондай-ақ оның жаһандық деңгейдегі жаңа белестерді бағындыруға ұмтылысын көрсетеді. Осыдан он жыл бұрын Сіз Қазақстанда алғаш рет «Бір белдеу, бір жол» ұзақмерзімді бастамасын ұсынып, оның басты қозғаушы күші болдыңыз. Мұның символдық мәні зор. Осы маңызды мерейтойды атап өте отырып, бүгінде Сіздің бастамаңыз өзінiң қажеттілігін көрсетті және әлемдік қоғамдастық тарапынан мойындалып, жаһандық ауқымдағы үлкен жобаға айналды деп сенімді түрде айта аламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы «Бір белдеу, бір жол» жобасының теңдессіз әрі ауқымды халықаралық ынтымақтастық үшін пәрменді платформаға айналғанына тоқталды.

«Осы жобаға қатысушы мемлекеттердің бастамалары арқасында Азия, Еуропа және Африканың 150-ден астам елі тарам-тарам теміржолдар желісі, жоғары жылдамдықты күре жолдар және теңіз жолдары арқылы байланыс жасап отыр. Бұл жоба әлем экономикасының жылдам құбылып тұрған жағдайында қазіргі заманның аса күрделі сын-қатерлеріне тиімді төтеп бере алатын және мемлекеттеріміз үшін жалпыға ортақ игілікке айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар Мемлекет басшысы аталған бастаманың елдер

арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға, тату көршілік қатынастарды, достық пен өзара түсіністікті нығайтуға елеулі үлес қосатынына тоқталды.

«Бір белдеу, бір жол» Ұлы Жібек жолы ренессансына тиіс серпін берді десек, артық айтқанымыз емес. Сондықтан Қытайдың бұл бастамасы – XXI ғасырдың мегажобасы. Бұл – әділ баға, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жетістіктері жөнінде де айтты. Осы ретте, Президенттің пікірінше, Еуразия кіндігінде орналасқан еліміз, Солтүстік пен Оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыра отырып, бастаманы іске асыруда ерекше рөл атқарады. Оның айтуынша, Қытаймен арада созылып жатқан ортақ шекарасы бар әрі аумағы үлкен құрлықшілік мемлекет ретінде Қазақстан халықаралық маңызға ие көлік-логистикалық торапқа айналуға барынша күш салып отыр.

«Бүгінде Қытайдан Еуропаға жасалатын жерүсті транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бере отырып, соңғы 15 жылда біз осы мақсаттарға 35 миллиард доллардан астам қаражат бөлдік. Ляньоньгандағы қазақ-қытай логистикалық орталығы, «Қорғас» құрғақ порты, Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзиттік магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті үш жыл ішінде 1300 шақырым жаңа теміржол жол салуға, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашуға, «Бақты» және «Қалжат» жаңа құрғақ порттарының

құрылысына қатысты жоспарын ортаға салды. Бұл – Қазақстанның ірі экономикалық жобалары Қытайдың жаһандық бастамасымен ұштасатынын анық көрсетеді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде аса ірі жобаның – Транскаспий халықаралық көлік бағытының ерекше рөліне назар аударды. Бұл бағдар Қытайды, Орталық Азияны және Еуропаны байланыстыратын «Бір белдеу, бір жол» бастамасының құрлықтағы көпіріне айнала алады. Осы ретте жүк тасымалдау мерзімін екі есе қысқартуға және көлік шығындарын айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді.

«Қазақстан мен Қытай арасында Транскаспий бағытын дамыту жөніндегі үкіметаралық екі келісімге қол қойылды. Жуық арада бұл келісімдер айтарлықтай нәтиже беретініне сенімдімін. Күш-жігерімізді тиімдірек үйлестіру үшін ірі стратегиялық порттардың, логистикалық орталықтардың және пошта хабтарының серіктестік желісін құруды ұсынамын. Сонымен қатар кемелер мен контейнерлердің бірлескен өндірісін жолға қоюға мүдделіміз. Қазақстан жолушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау ісін қамтамасыз ете отырып, әлемнің жетекші әуе компаниялары үшін сенімді әуе көпірі және ыңғайлы айлақ болуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, жаңа жаһандық жоба саналатын «Цифрлық Жібек жолы» бастамасы аясындағы серіктестік мол мүмкіндіктерге жол ашады.

«Цифрлық және зияткерлік ықпалдастықтың жаңа моделін құру экономикамыздың инновациялық тұрғыда дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдімін. «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жаңа онжылдығында Қазақстан ортақ табысқа жетуге жан-жақты атсалысуды жалғастырады. Құрметті Төраға Си Цзиньпин, Сіздің дана басшылығыңызбен ҚХР түрлі халықтардың ортақ тарихи тағдыры тұжырымдамасы негізінде Қытайдың жаңа дәуірін қалыптасуында одан әрі зор жетістіктерге жететініне сенімдімін, – деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Форумда Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Ресей Президенті Владимир Путин, Индонезия Президенті Джоко Видодо, Аргентина Президенті Альберто Фернандес, Эфиопия Премьер-министрі Абий Ахмед, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш сөз сөйледі.

Форумға 20-дан астам мемлекеттің басшылары және 130-дан аса ел мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысып жатыр.

akorda.kz

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ» ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ 1000 АЕК КӨЛЕМІНДЕ БІР ЖОЛҒЫ ТӨЛЕМАҚЫ АЛДЫ



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен білім берудегі айрықша жетістіктері мен саланың дамуына қосқан үлесі үшін еліміздің 17 педагогине «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы» ҚР Заңының 24-бабына сәйкес Министрліктің бұйрығымен марапатталған педагогтерге 1000 АЕК көлемінде біржолғы төлемақы берілді.

Олар: Забида Ахмедова – Жамбыл облысы Тараз қаласы «Б. Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы» КММ мұғалімі;

Баян Базарғалиева – Ақтөбе облысы «Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ мұғалімі;

Зәуреш Даумова – Қостанай облысы «Қостанай қаласы білім бөлімінің №3 мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі;

Толқын Дуланбаева – Шығыс Қазақстан облысы «Ю. Гагарин атындағы орта мектеп» КММ мұғалімі; Айгүл Ержанова – Астана қаласы «Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі» КММ мұғалімі;

Әсемкүл Жақсылықова – Қызылорда облысы «Е.Өуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ мұғалімі;

Сәбит Ибадуллин – Павлодар облысы «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені» КММ мұғалімі;

Светлана Исаева – Жетісу облысы

Талдықорған қаласы «М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі;

Айжан Қапезова – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы «Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектеп» КММ мұғалімі;

Сәбира Күлпейісова – Қарағанды облысы Қарағанды қаласы «А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі;

Марфуға Кунтаева – Шымкент қаласы «Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы» МКК мұғалімі;

Әлия Қадирова – Маңғыстау облысы «Ақшұқыр мектеп-лицейі» КММ мұғалімі;

Серік Қазиханов – Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ мұғалімі;

Майра Мамбетова – Алматы қаласы, еңбек ардагері;

Рысжан Нұршина – Ұлытау облысы Жезқазған қаласы «№8 гимназия» КММ мұғалімі;

Роза Салимова – Түркістан облысы «С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернаты» КММ мұғалімі; Ардақ Хайрлиева – Атырау қаласы «М.Өтемісов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ мұғалімі.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы биылғы жылдың 5 қазанында өткен педагогтердің бірінші республикалық съезінде ұстаздарды кәсіби мерекелерімен құттықтаған болатын. Оған 700-ге жуық білім беру қызметкерлері қатысты.

gov.kz

АУДАНДА КЕЗЕКТІ СЕССИЯ ӨТТІ

Аудандық мәслихаттың кезекті он екінші сессиясы өтті. Сессияны Аудандық мәслихаттың төрағасы Қанат Нүсіпжанұлы ашты. Сессия жұмысына аудан әкімі, орынбасарлары, ауыл әкімдері, құқық қорғау органдарының басшылары, мекеме басшылары және ауылдық округтердің жергілікті өзін-өзі басқару өкілдері қатысты. Сессия күн тәртібінде



1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 18 қаңтардағы «Әкімдердің мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» №19 Жарлығына сәйкес, Бақтыбай ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген міндеттерін орындауы туралы аудандық мәслихат депутаттары алдындағы есебі.

2) Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 15 бабына сәйкес, Ескелді ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылу қортындылары туралы, мәслихат сессиясында аталған мәселе бойынша есебі. 3) Аудандық «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының 2023 жылдың тоғыз айында атқарған жұмыстары және алдағы атқарылатын жұмыс жоспары туралы, мәслихат сессиясында аталған мәселе бойынша есептері тыңдалып, тиісті шешімдер қабылданды.

ЖШ АҚПАРАТ

РАЗВИТИЕ РЕЧИ РЕБЕНКА В УСЛОВИЯХ СЕМЬИ

Речь представляет собой сложную систему, перед современными родителями стоит задача - создать условия для полноценного формирования связной речи как компонента гармоничного речевого общения. Одним из важных условий выступает непосредственное участие родителей в развитии речи у детей дошкольного возраста, своевременное развитие речи ребенка является важнейшим условием его полноценного речевого и общего психического развития. Язык и речь - это основное средство проявления важнейших психических процессов памяти, восприятия, мышления, а также развития других сфер: коммуникативной и эмоционально-волевой. На современном этапе существует острая практическая необходимость определить основные направления развития речи детей дошкольного возраста в семье.

Как наш, так и зарубежный опыт с убедительностью свидетельствует о том, что оптимальной ситуацией для развития речи ребенка является его нахождение в семье при условии, что родители с готовностью включаются в процесс развития речи своих детей. Важной заботой семьи должна стать забота о раскрытии индивидуальных задатков, склонностей, речевых способностей ребенка. Природный дар речи есть у каждого ребенка, и важно, чтобы он был замечен и стал опорой в развитии речи детей.

Способности к речи, как известно, проявляются в деятельности. Поэтому ребенку необходимо предоставить возможность иметь более широкий выбор видов деятельности. Важно, чтобы свободное время было заполнено интересными для него делами.

Семья должна заботиться о духовной жизни ребенка, расширять его кругозор, создавать ощущение полноты, насыщенности, радости бытия. С раннего детства ребенку нужно открыть радость бытия зрителем, слушателем, читателем. В семье необходимо больше внимания уделять приобщению ребенка к чтению, воспитанию у него любви к книге.

Для совершенствования речевых умений ребенка можно предлагать рассказывать или пересказать смешной сюжет с постепенной передачей функции рассказчика ребенку. Желательно, чтобы совместные занятия, как и просмотр кино - фильмов, спектаклей, телепередач, дополнялось последующим обсуждением прочитанного, увиденного. Беседы детей с родителями должны постоянно иметь место, именно в них формируется культура речи. В жизни человека очень короток период (приблизительно до 8 лет), когда общение с родителями предпочтительнее общения с друзьями.

Игрушки, предметы и картины служат прекрасным материалом для обучения разным типам высказываний, используются творческие рассказы - это рассказы о вымышленных событиях.

Основным методом развития речи в повседневном общении является разговор родителей с детьми (неподготовленный диалог). С учетом возрастных и индивидуальных особенностей детей дошкольного возраста. Разговор роди-

телей с детьми только тогда оказывает на них развивающее влияние, когда в семье создана доброжелательная атмосфера, обеспечено их эмоциональное благополучие, когда господствует личностно-ориентированная модель взаимодействия взрослого с ребенком. В этом случае главным в общении являются понимание, признание и принятие личности ребенка. Ребенок охотно вступает в контакт со взрослым, если чувствует внимание, интерес и доброжелательность взрослых, комфортность, свою защищенность. Родители могут разговаривать с детьми по любому удобному поводу, в разное время. Разговор проходит в непринужденной обстановке, ребенок свободно общается с родителями, спрашивает, рассказывает о чем-то. Речь родителей может быть оформлена по-разному: и в виде вопросов, и в виде объяснений, и в виде указаний, и в виде объяснений. Разговор имеет большое значение. С его помощью можно оказывать влияние на все стороны речи ребенка: исправлять ошибки, давать образец правильной речи, развивать навыки диалогической и монологической речи. В индивидуальном разговоре легче сосредоточить внимание ребенка на отдельных ошибках в его речи.

На отношение ребенка к своему речевому дефекту огромное влияние имеет реакция на него со стороны родителей. И то, как семья настраивает ребенка по отношению к данному дефекту, какие установки ему дает, является основным формирующим компонентом фиксации ребенка на своем речевом нарушении, влияет на формирование личности и характера малыша. Установка может быть попустительской: «Не обращай внимания, твой папа всю жизнь так говорит, и ничего страшного». Ребенок «внушаем, и при отсутствии насмешек со стороны других детей он придет к выводу, что его собственная речь нормальна, а небольшой дефект - это проявление индивидуальности. При установке родителей: «Ты уже большой, а говоришь, словно тебе два года» у ребенка может развиваться комплекс неполноценности. Часто умеренное чтение книг и разучивание стихов, когда ни содержание, ни объем читаемых текстов не согласуются с возрастом ребенка, его умственным и речевым развитием вызывает повышенную расторможенность и нежелание слушать. Существуют и другие неблагоприятные для ребенка формы поведения родителей в семье. Так, некоторые родители, обеспечив ребенка всем, подознательно «отвергают» его. Это выражается в отсутствии интереса к ребенку, недостаточности взаимодействия с ним. В этом случае у детей формируется пониженный фон настроения, пониженная самооценка, неуверенность в себе. «Отверженные» дети страдают от недостатка эмоционально-положительной стимуляции со стороны родителей. Это еще в большей степени вызывает у них задержку развития речи и социальных навыков, усугубляет задержку развития активных познавательных форм поведения и любознательности.

Помогая ребенку в преодолении его речевых проблем, родителям необходимо создавать и постоянно поддерживать

речевую среду в семье. Прежде всего, это будет означать создание щадящего общего и речевого режима для ребенка: полноценный сон и отдых, повышение защитных сил организма и закаливание, дозирование нагрузки, правильное витаминизированное питание и др. Необходимо в полной мере обеспечить ребенка предметами для детского творчества, которые в процессе рисования, лепки, изготовления аппликации и поделок будут способствовать речевому развитию ребенка.

Для того, чтобы приобщить ребенка к духовному наследию нужно развить у него интерес к детской книге, грамотно организовать домашнее чтение.

Организуя речевые игры и упражнения, необходимо стремиться к тому, чтобы они были непродолжительными, вызвали интерес, развивали реакцию на речевую ситуацию и формировали навыки контроля за своей и чужой речью. Вот несколько правил, которые необходимо соблюдать, работая над правильным произношением ребенка:

Что нужно делать

1. Создать в доме благоприятную атмосферу, всегда говорить четко и правильно.
2. Избегать ссор между родителями в присутствии малыша.
3. Беседовать с ребенком во время игр и прогулок, разучивать с ним стихи, много читать.
4. Не оставлять без внимания неправильное произношение звуков ребенком.
5. Развивать у ребенка слуховое внимание, тренировать артикуляционный аппарат, мелкую моторику рук.
6. Следить за своей речью, чтобы она была четкой, плавной, выразительной, умеренной по темпу.
7. Объяснять ребенку непонятные слова, встречающиеся в книжках задавать ребенку конкретные вопросы и не торопить с ответом.

Чего делать нельзя

1. Искажать звукопроизношение - «сюсюкать» с ребенком, говорить «детским» языком.
2. При общении с ребенком перегружать свою речь труднопроизносимыми и непонятными для них словами и оборотами.
3. Наказывать ребенка за неправильное произношение или передразнивать его

разрешать ребенку смотреть мультфильмы, где герои шепелявят, картавят или неправильно произносят звуки, чтобы избежать подражания.

В целом, можно сделать вывод, что работа по развитию связной речи в семье должна проводиться систематически, последовательно, целенаправленно, методы и приемы по формированию культуры речи и фонематического восприятия должны зависеть от уровня речевого развития ребенка. Родителям необходимо помнить, что в развитии речи у своего ребенка необходимо соблюдать дидактический принцип «от простого к сложному».

Динара ЕРИКОВНА,
Учитель-логопед КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №8» Ескельдинского района государственного учреждения «Управления образования области Жетісу»

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР



Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» заңына сәйкес карантинге жатқызылған өнімдерді тасымалдағанда өнімдерді немесе фитосанитарлық сертификаты болуы талап етіледі. Қазақстан Республикасы аумағында, облысаралық тасымалдауға карантиндік сертификат, республикадан тыс жерлерге шығаруға фитосанитарлық сертификат керек. Аталмыш құжаттарды әр ауданда орналасқан уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы береді.

Ауданымызда бұл мемлекеттік қызмет түрін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы көрсетеді. Сонымен қатар карантиндік нысандарды анықтау, оларды оқшаулау, жою және ел аумағына карантиндік нысандардың таралуына жол бермеу де негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету электронды түрде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы аумақтық бөлімшесінің кеңсесіне не www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтінім қалдыруға болады. Ол үшін жеке тұлғаның жеке куәлігі, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді «электронды үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырғаннан кейін оның «жеке кабинетінде» өтінімнің қабылданғаны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алуға арналған өтінішті келіп түскен күні (өтініш сағат 17:30-дан кейін келіп түскен кезде, келесі жұмыс күні тіркеледі) тіркейді. Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген күні ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге барады. Карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен зақымдану белгілері анықталған кезде каран-

тинге жатқызылған өнімнің үлгілерін алуды жүзеге асырады және зиянкестердің түрлік құрамын, өсімдіктер мен арамшөптер ауруларын және олардың карантиндік объектілерге тиесілігін анықтау үшін үлгілерді зертханалық сараптамаға жібереді. Сараптама қорытындысы бойынша және карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі негізінде өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде фитосанитариялық сертификатты немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді. Уәжді бас тартуға себеп Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке байланысты. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны қағаз түрінде беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауға карантиндік сертификат алуға арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді (сағат 17:30-дан кейін келіп түскен кезде, өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі). Бұл қызмет түрі де электронды түрде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс сағаты ішінде:

карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге барады және морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілерге, бөтен текті түрлерге ұқсас организмдер, өсімдіктер ауруларының белгілері, карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен зақымдану белгілері анықталған кезде, көрсетілетін қызметті алушының не көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен карантинге жатқызылған өнімнің үлгілерін алуды жүзеге асырады және зиянкестердің түрлік құрамын, өсімдіктер мен арамшөптер ауруларын және олардың карантиндік объектілерге тиесілігін анықтау үшін үлгілерді зертханалық сараптамаға жібереді. Сараптама қорытындысы бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі жасалып, карантиндік сертификат беріледі немесе уәжді бас тартылды. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерге байланысты болады Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны толық автоматтандырылған, яғни, электронды түрде беріледі.

Жоғарыдағы аталған мемлекеттік қызмет түрлері туралы ақпаратты Ескелді ауданы Қарабұлақ кенті Оразбекова көшесі 52 үй, тел.: 3-01-30 арқылы ала аласыздар.

Мақпал АҚМУЛЛАЕВА
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, өсімдіктер карантині жөніндегі

ҚАЗАТК АҚЦИЯЛАРЫ ҚТЖ ПАЙДАСЫНА ЗАҢСЫЗ БЕРІЛГЕН

«ҚазАТК «Басқарушы компаниясы» ЖШС-ға қатысты заңға қайшы әрекеттер қолдану жалғасуда. Академияның акциялары «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамына сот актісінің берілген. Бұл туралы кәсіпкер Гүлзана Серікова мәлімдеді.

Жеке сот орындаушысы «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамына ҚазАТК-ның акцияларын ҚТЖ пайдасына беруді заңсыз «міндеттеген». Бұл заңсыз әрекеттерде ҚР ҚК 249-бабының 1-1-бөлімінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар. Осыған байланысты кәсіпкер тағы да Мемлекет басшысына, сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасына, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне және ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бизнесті

рейдерлік басып алудан қорғау туралы өтінішпен жүгінді.

«Қазіргі уақытта сот процесі жүріп жатыр. Дегенмен, соттың шешімі шыққанша барлық іс-әрекеттерді дереу тоқтата тұру туралы сот актісі болғанына қарамастан, менің бизнесім «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамына заңсыз берілді. Мен бес жыл бұрын ҚазАТК-ны 10,2 млрд теңгеге сатып алдым. Академияның дамытуға және ғимаратын жөндеуге қосымша 4,3 миллиард теңге жұмсадым. Бұл – заңды түрде менің меншігім. Нәтижесінде қазір менің бизнестімді тартып алып жатыр?», – дейді Гүлзана Серікова.

Хатта бағалы қағаздарды тіркеуші ұйым атқарушылық іс жүргізетін тарапқа жатпайтыны атап өтілген. Сондай-ақ, жеке сот орындаушысы бірнеше

рет инсайдерлік ақпаратты алуға тырысты, сот шешімі мен одан кейінгі сот актілері шыққанға дейін де заңға қайшы әрекет етті. Бұл сот процесінің нәтижесі қандай болатынын алдын ала аңғартады.

«ҚТЖ тарапынан жасалған заңсыздықтар, жеке басым көрсетіліп жатқан қоқан-лоқы әрекеттің барлығы, Нұрлан Сауранбаевтың акцияларға қатысты қойған талаптары, сондай-ақ жеке сот орындаушысының әрекеттері – осының барлығы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ерекше назар аударуына лайық деп санаймын», - деді Гүлзана Серікова.

«ҚазАТК» Басқарушы компаниясы» ЖШС Баспасөз қызметі



АСҚАР АЛТАЙДЫҢ АСҚАҚ ЖЫРШЫСЫ



Оралхан Бөкей адамның сезім тұңғиығына, жандүние тереңіне, ой-арманына көбірек үніліп зерттеген жазушы.

Оралхан Бөкей туған ауылынан Алматыға оқуға аттанарында «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлуландырды. Біздің Өр Алтайдың сұлулығы одан әсте кем емес. Бірақ оны жырға қосып, сұлулығын көрсететін ақын, жазушылар жоқ десек қателеспейміз. Мен Алтайдың сұлу табиғатын, сарқылмас байлығын танытуды мақсат етемін. Сондықтан да мен жазушы болуды армандаймын. Адам арманын алдына мақсат етіп қойса, оған жетуге тиіс. Мен де мақсатыма жетемін деп сенемін» - деген. Мақсатына жеткен де сияқты. Асқар Алтайдың кербез табиғатын, тамылжыған сұлулығын Оралхандай сүйіп жырлаған жазушы жоқ. Ол табиғаттың асқақ жыршысына айналған табиғи тума талант. Оның кейіпкерлері де ойлы, сезімтал, арманшыл, қиялшыл болумен бірге ойшыл, мұңшыл, жан - дүниелерінде сағынышқа толы аңсау, ынтығу, күрсініс пен өкініш, шексіз ынтызарлық, жұмбақты сыр жатады. Оралхан Бөкей - есімі дүние жүзінде танымал жазушы. Оралхан Бөкейдің шығармалары дүние жүзінің көптеген тілдеріне орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, қытай және басқа да ұлы халықтар тілдеріне аударылған. Оралхан Бөкейдің шығармаларынан 1985 жылы «Кісікиік» режиссері М.Самағұлов,

1986 жылы «Сайтан көпір» режиссері Д.Манабаев көркем фильмдері және 1986 жылы «Кербұғы» (балетмейстер Б.Аюханов) балеті қойылды.

Оралхан Бөкейдің еңбегі ескерусіз қалмады. 1976 жылы Оралхан Бөкей «Құлыным менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзағай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» повестері мен әңгімелері үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты нағрадаларына ие болды. Оралханның шығармаларын оқыған адамда Катонқарағайды көрсем деген арман пайда болары сөзсіз. Биыл біздің мекбіміздің ұстазы, ақын Мұратхан Орынтайұлы жазушының қарындасы Ғалия Бөкееваның арнайы шақыруымен Оралханның туған жеріне барып, Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған мерекелік медаль алып қайтты. Ауыл кітапханасында 10- 11 сынып оқушыларының қатысуымен өткен «Сыры нәзік, ойы ордалы жазушы» атты әдеби- танымдық кешімізге Мұратхан Орынтайұлы арнайы қатысып, Оралхан Бөкей туралы ойларымен бөлісіп, қаламгердің Алтайды суреттеген шығармасынан үзінді оқы берді.

Ұлт мәдениеті мен әдебиетінде оның жаратылыс болмысы да, суреткерлігі де әрдайым таудай биік, қырандай асқақ күйінде қалып, мәңгілік шығармаларымен мәңгі жасай бермек.

Алма ӨСКЕНБАЕВА,
Жалғызғаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Қазақ Алтайының киелі топырағында дүниеге келіп, аса дарынды талантымен барша қауымды таңғалдырған, қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына биыл 80 жыл толып отыр. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында қазақ әдебиетінің классикалық үлгілерінің қатарына қосылған, туған жері, Алтайының мөлдір тау бұлақтарындай бірден шөлді қандыратын туындылар қалдырып кеткен талант иесі, философ, публицист, драматург,

ВОЗРОЖДЕНИЕ СЕЛ В СТРАНЕ



О необходимости возрождения села говорилось много и на всех уровнях. Но реальных подходов к решению образовавшихся проблем, как отметил Президент страны Касым-Жомарт Токаев, раньше не звучало. На расширенном заседании правительства Глава государства вновь затронул вопросы социального развития сельских территорий.

Первым Указом Касым-Жомарта Токаева в рамках новых президентских полномочий стало поручение разработать Концепцию развития сельских территорий.

«К разработке Концепции следует максимально привлечь экспертов, аграриев и общественников на местах. Нужны совершенно новые, а главное, реализуемые подходы по возрождению села. Земля — это основной источник дохода сельских жителей», — указал президент.

Вместе с тем дефицит пастбищ во-круг сельских населенных пунктов сохраняется. Он составляет около 8,8

миллиона гектаров. Было отмечено, что в Казахстане продолжается работа комиссии по выявлению и изъятию неиспользуемых земель сельхозназначения. «По моему поручению возвращено в государственную собственность около 5,2 миллиона гектаров сельхозземель, в основном пастбищ. Теперь Правительству совместно с акиматами регионов следует создать мониторинговую карту распределения земель для удовлетворения потребностей сельчан в пастбищах», — поручил Токаев.

Глава государства также проинформировал, что в следующем году будет запущен общестрановой проект по развитию сельскохозяйственной кооперации с выделением 1 триллиона тенге. Он охватит более 1 миллиона сельчан. Кроме того, ожидаются изменения и в социальной сфере в сельской местности.

Д.КАРИПОВА,
председатель совета женщин района

ДОСТУПНОСТЬ - ЭЛЕКТРОННЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

Следуя общемировой тенденции, Казахстан планомерно проводит политику по повышению качества и доступности государственных услуг.

На сегодняшний день 80% всех услуг переведены в электронный формат, которые получают из веб-портала «электронного правительства», благодаря которому государственные услуги в электронном виде можно получить через смартфоны, планшеты, а также традиционный сотовый телефон. Кроме этого, электронное правительство является одним из антикоррупционных инструментов.

ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа» предоставляет следующие государственные услуги:

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,

- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,

- «Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта»

- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее - ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уполномоченном подразделении на портале egov.kz либо на сайте rki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уполномоченное подразделение где в любое время вы можете получить все необходимые услуги (все виды справок) мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении той либо иной услуги.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Департамент по делам государственной службы и противодействию коррупции по телефону 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,
главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа» (87283635182)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер ер салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпестелі келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кәрі әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет

атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Әрине, сыбайлас жемқорлық-дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ

ҚОЛЖЕТІМДІ - ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Жалпы әлемдік үрдіске сүйене отырып Қазақстан мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша саясатты жоспарлы түрде жүргізеді.

Бүгінгі таңда барлық қызметтердің 80% «электрондық үкімет» веб-порталынан алынатын электрондық форматқа ауыстырылды, соның арқасында мемлекеттік қызметтерді смартфондар, планшеттер, сондай-ақ дәстүрлі ұялы телефон арқылы электрондық түрде алуға болады. Бүгінгі таңда электрондық үкімет сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдардың бірі болып табылатындығы рас.

«Көкжарық ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-сі келесі мемлекеттік қызметтер түрін көрсетеді.

- «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»,
 - «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»,
 - «Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру»
 - «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»
- Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі-ЭЦҚ) болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО-ға) жүгініп немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан egov.kz порталынан немесе rki.gov.kz сайтынан алып, әрі-қарай флеш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады.

Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қандай да бір қызметті алуда көмек көрсетеміз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментіне телефон арқылы шағымдануға құқығыңыз бар. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 байланыс телефондары.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,
«Көкжарық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы. (87283635182)

ПАРА ҰСЫНБА



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!!!

ПАРА АЛМА

ЕСЕНИН, СЕРГЕЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ

Сергей Александрович Есенин (21 сентября [3 октября] 1895[4] [1][...], Константиново, Рязанская губерния[3] — 28 декабря 1925[1] [2][...], Ленинград, СССР) — русский поэт и писатель. Одна из крупнейших личностей Серебряного века. Представитель новокрестьянской поэзии и лирики, а в более позднем периоде творчества — имажинизма[5].

В разные периоды творчества в его стихотворениях находили отражение социал-демократические идеи, образы революции и Родины, деревни и природы, любви и поиска счастья.

Сергей Есенин с сёстрами Катей и Шурой, 1912 г. Родители С. А. Есенина с дочкой Александрой, 1912 год.

Родился Сергей Есенин 3 октября 1895 года в селе Константиново Кузьминской волости Рязанского уезда Рязанской губернии, в крестьянской семье. Отец — Александр Никитич Есенин (1873—1931), мать — Татьяна Фёдоровна Титова (1875—1955). Сёстры — Екатерина (1905—1977), Александра (1911—1981), единотробный брат[6] — Александр Иванович Разгуляев (1902—1961).

В 1904 году Есенин пошёл в Константиновское земское училище, по окончании которого в 1909 году начал учёбу в церковно-приходской, второклассной учительской школе[5] (ныне музей С. А. Есенина) в Спас-Клепиках.

По окончании школы, в августе 1912 года, Есенин переехал в Москву и начал работать в мясной лавке купца Крылова, где служил старшим приказчиком его отец. В это время Есенин жил в Общежитии одиноких приказчиков во владении купца Н. В. Крылова (сейчас там располагается Московский государственный музей С. А. Есенина). Позже Есенин находит работу в типографии И. Д. Сытина.

В 1913 году поступил вольнослушателем в историко-философское отделение в Московский городской народный университет имени А. Л. Шанявского. Работал в типографии, был дружен с поэтами Суриковского литературно-музыкального кружка[5].

Есенин и Айседора Дункан, 1922 г. Есенин и Софья Андреевна Толстая, 1925 г.

Литератор
В 1914 году в детском журнале «Мирок» впервые опубликованы стихотворения Есенина. Первое его стихотворение «Берёза» было опубликовано под псевдонимом «Аристон»[7].

В 1915 году Есенин переехал из Москвы в Петроград, 9 марта он познакомился с А. Блоком. Есенин читал свои стихотворения А. А. Блоку, С. М. Городецкому и другим поэтам. В апреле на одном из литературных вечеров Есенин познакомился с издателем, литератором-рецензентом, членом ЦК РСДРП Щеколдиным Ф. И. (Повар).

29. Мал қорымын (биотермиялық шұңқырды) салу кезінде 5-6 метр тереңдікте жерасты сулары шығатын (жер бедерін ескере отырып) жерлерден басқа учаскенің ортасынан ұзындығы мен ені 3 метр, тереңдігі 10 метр болатын шұңқыр қазады. Шұңқырдың қабырғасын су өтпейтін материалмен қалайды да, қорғаныш құрылысымен жер беті деңгейінен 40 сантиметрден 1 метрге дейін жоғары шығарады. Шұңқырдың түбін реттеп, кем дегенде 20 сантиметр қалыңдықпен бетондайды. Шұңқырдың жабыны екі қабаттап жасалынады. Қабат арасына жылу өткізбейтін төсеніш салады. Жабынның дәл ортасынан өлшемі 100x100 сантиметр болатын тесік қалдырады, оның құлыпталатын тығыз жабылатын қақпағы болады. Шұңқырдан диаметрі 25 сантиметр

және биіктігі 3 метр болатын сорғыш мұржа шығарылады. Шұңқырдың үстіне биіктігі 2,5 метр, ұзындығы 6 метр, ені 3 метр болатын қалқа тұрғызады. Қасынан жануарлардың өлекселерін союға, дезинфекциялаушы құралдарды, арнайы киімдерді және құрал-саймандарды сақтауға арналған үй-жайды жалғастыра салады.

30. Мал қорымын (биотермиялық шұңқырды) биологиялық қалдықты тасталағандан кейін екі рет өткен кейін қайта қолдануға жол беріледі және әрбір 0,25 метрден шұңқырдың барлық тереңдігінен алынған сібір жарасы қоздырғышының шырышталған материалдағы сынамасын шығарғанда.

Мал қорымын (биотермиялық шұңқырды) тасталағандан кейін қабырғасымен түбінің бүтіндігін тексереді, қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Мал қорымдарын салудағы негізгі мақсат- әртүрлі себептерден өлген мал басын жұпалы аурумен өлген жағдайда ауруды одан әрі таратпау, мал қорымында жарып-қарау жұмысын жүргізу, жұқпалы ауруларға күдікті жағдайда сынамалар алу, өлексені уақытылы шұңқырға тастау арқылы жою, жарып-қарау орнын, өлексені тасымалдаған көлікті және көлік тіркемесін залалсыздандыру. Дұрыс жойылмаған өлексе қалдықтары ауа, жел, ит-құс арқылы ауаға тарап, қоршаған ортаны лаптап, жұқпалы аурулардың таралуына жол берілуі ықтимал.

Егер аулаңыздағы ауыл шаруашылық жануарлар арасында шығын болған жағдайда, өлексені және өлексе қалдықтарын мал қорымына апарып тастауыңыз тиіс.

Өлексе мал қорымына апарылып тасталмай, өлексені аулаға, көшеге, жайылымдық жерменен, суат орындарына тастай салу салдарынан, түрлі-түрлі жұқпалы аурулар таралып, эпизоотиялық тұрақтылық бұзылуы ықтимал.

Мал қорымынан басқа аймаққа тасталған мал өлекесінің иесі анықталған жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406 бабы бойынша әкімшілік іс қаралатын болады.

Ауданның эпизоотиялық тұрақтылығын қамтамсыз ету баршамыздың міндетіміз болып табылады. Сол себептенде ерқашан тәртіпке бағынып, ауламыздағы төрт түліктің саулығын ойлатын болсақ, бүгіннен бастап ауламызды, көшемізді таза ұстап, жоғары да айтылған ветеринариялық-санитариялық талаптарды орындайық.

Сібір жарасы ошағының көмінділері - қорғау мен есепке алудың ерекше мәртебесіне ие. Сібір жарасы ошағы көмінділерінің ветеринариялық-санитариялық талаптары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығының 1-тарауы, 11 – параграфы 30-1 тармағында көрсетілген.

30-1. Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген мал қорымдарына адамдар мен жануарлар кіре алмайтындай етіп бүкіл периметрі бойынша биіктігі кем дегенде 1,5 метр болатын қоршаумен (металл немесе бетон) қоршайды. «Сібір жарасы» деген жазуы бар тақтайшалармен (аурудың пайда болған күні) белгіленеді.

Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері, сондай-ақ жануарлардан алынған шикізат пен өнім арнайы қондырғыларда өртеледі. Күл қалдығы Беккари шұңқырына салынады.

Сібір жарасынан өлген жануардың лажсыз сойылған, өлекесі жарып ашылған жерді мұқият өртейді, содан кейін 20%-дық хлоры бар әк ертіңдісін құяды, топырақты 25 сантиметр тереңдікте қазып, кемінде 25% белсенді хлордан тұратын құрғақ хлоры бар әкті топырақтың үш бөлігіне бір бөлік есебінде араластырады. Топырақты өкпен араластырғаннан кейін сумен ылғалдандырады.

Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген орындардың ветеринариялық-санитариялық карточка, кадастрлық мағлұматтар, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар бойынша, жергілікті жердегі комиссиялық іздестіруі бойынша анықтау мүмкін болмаған кезде, сібір жарасынан өлген жануарлар өлекселері көмілген орындар жоқ, бірақ жануарлардың өлгендігі жөнінде мәліметтер кадастрда көрсетілсе, сібір жарасы бойынша стационариялық-саламатсыз пунктте эпизоотиялық ошақтың бар екендігі, бірақ сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген орынның анықталмағандығы жөнінде әкті жасалынады). Объектілердің аумақтары Санитариялық қағидаларға сәйкес санитариялық-қорғаныш аймағындағы елді мекендерден алыстатылады.

Сібір жарасы ошағының көмінділері орналасқан жерден құрылыс жұмыстарын қажетті материал алуға (топырақ, құм) жол жұмыстарын жүргізуге, шахта қазуға және ауыл шаруашылық жануарларын жаюға болмайды. Елді мекеніңізде сібір жарасы ошағының көміндісі бар екенін білсеңіз, жергілікті ветеринариялық мамандар сібір жарасы ауруына қарсы егу жұмыстарын жүргізу кезінде, оларға көмек көрсетіп, өз аулаңыздағы ауыл шаруашылық жануарларыңызға міндетті түрде егу жұмысын жүргізіп алыңыз.

С. КАЛИВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ БОЙЫНША «ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУДІ ТОҚТАТУ (ШЕКТЕУ) ШАРТТАРЫ»

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаменті электр энергиясын жабдықтауды тоқтату (шектеу) туралы келесіні хабарлайды.

1. Электр энергиясын жабдықтау тоқтату (шектеу) тұтынушымен жасалған электрмен жабдықтау шартының негізінде жүзеге асырылады. Электр қабылдағыштарының санаты мен электрмен жабдықтау сенімділігімен қамтамасыз ету және электрлік желіге қосу схемасы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді және электрмен жабдықтау шартында келісіледі.

2.Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым мынадай жағдайларда:

- 1) энергиямен жабдықтаушы ұйымның өтінімі бойынша электрмен жабдықтау шартында белгіленген мерзімде электр энергиясы үшін төлем жүргізілмегенде, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда;
- 2) электрмен жабдықтау шартында белгіленген электрді тұтыну режимі бұзылғанда;
- 3)энергия беруші(энергия өндіруші) ұйымның осы Қағидалардың бұзушылықтарын жою туралы талабы белгіленген мерзімде орындалмағанда электр энергиясын беруді толық немесе ішінара тоқтатады.

тоқтатуға (шектеуге) дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде тұтынушыны (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушыны - кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын) жазбаша ескерте отырып (хабарлама беру жолымен) немесе тұтынушыларға тұтынушының шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлермен) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын жеткізуді тоқтатуға (шектеуге) өтінімді энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға жібереді.

3. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым электр энергиясын беруді мына жағдайларда алдын ала хабарламай, толық тоқтатады:

- 1) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау;
- 2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу;
- 3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және басқа тұтынушылардың электр қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру;
- 4) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін жұмыс уақытында тұтынушының электр энергиясын

коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында);

5) апатты жағдайда.

4. Энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйым резервтік қуаттандыру болмаған жағдайда, жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін тұтынушыны электр энергиясымен жабдықтауды тоқтату туралы ажыратудан күнтізбелік үш күн бұрын ескертеді.

5. Энергия беруші ұйым адам өміріне қауіпті, айтарлықтай экономикалық зиянға, коммуналдық шаруашылықтың және электрмен жабдықтау жүйесінің айрықша маңызды элементтерінің істен шығуына әкелуі мүмкін апаттардың алдын алу немесе жою бойынша шұғыл шараларды қабылдау үшін тұтынушыны дереу хабарлап, сұраныс бойынша электр энергиясымен жабдықтауды тоқтатады.

6. Тұтынушы электрмен жабдықтау шарты бойынша қолдануға рұқсат етілген электр қуатынан асып кеткен жағдайда, энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыдан жүктемені электрмен жабдықтау шартында белгіленген мәнге дейін түсіруін талап етеді. Тұтынушыны электр жүктемесін түсіру жөнінде хабарлау тәртібі электрмен жабдықтау шартымен белгіленеді.

РОСТ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРЕВЫСИЛ 2 ТРИЛЛИОНА ТЕНГЕ С НАЧАЛА ГОДА

Ключевые показатели ЕНПФ на 1 сентября 2023 года

На 1 сентября 2023 года на индивидуальных счета вкладчиков (получателей) ЕНПФ сформированы пенсионные накопления на сумму 16,76 трлн тенге. С начала года их прирост на 01.09.2023 г. составил 2,1 трлн тенге (14,3%). По сравнению с аналогичной датой прошлого года объем пенсионных накоплений вырос на 2,8 трлн тенге (на 20%).

Сумма пенсионных взносов за 8 месяцев 2023 года составила 1 374,8 млрд тенге, это на 25% или на 278,28 млрд тенге выше показателя прошлого года. Рост по сравнению с аналогичным периодом прошлого года произошел по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – 25%, обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) – 26%.

96,79% накоплений казахстанцев образовано за счет ОПВ. На 01.09.2023 г. объем ОПВ составил 16,22 трлн тенге (прирост за год-19,7%, с начала года-14,1%). Сумма пенсионных накопле-

ний по ОПВ составила 532,51 млрд тенге, увеличившись с 1 сентября минувшего года на 28%, с начала текущего года – на 19,6%. Максимальный прирост (57,7% за год) продемонстрировали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), объем которых составил 4,71 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ с начала года составил порядка 1035,1 млрд тенге.

Количество индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2023 сложилось на уровне 12,25 млн единиц, в том числе по ОПВ - порядка 11,04 млн, ОППВ – 626,3 тыс., ДПВ – 384,5 тыс.

С начала года ЕНПФ выплатил порядка 350,78 млрд тенге. Выплаты по возрасту на 01.09.23 г. увеличились на 27% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и составили 96,69 млрд тенге (доля в общем объеме выплат – 27,56%), единовременные пенсионные выплаты на улучшение

жилищных условий и лечение – 169,15 млрд тенге (доля в общем объеме выплат – 48,22%).

Также с начала года осуществлены выплаты по наследству - 34,97 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы Казахстана – 26,64 млрд тенге, выплаты по инвалидности – 1,8 млрд тенге, выплаты на погребение – 4,38 млрд тенге. В страховые организации переведено 17,09 млрд тенге.

Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составил 32 120 тенге, а максимальной суммы ежемесячной выплаты – 742 692 тенге. Напомним, за этот же период прошлого года средняя ежемесячная выплата по графику составила 29 859 тенге, максимальная - 707 326 тенге.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте epnf.kz в разделе «Показатели».

ЧЕК - АП: СКРИНИНГ ЗДОРОВЬЯ МОЖЕТ СПАСТИ ЧЕЛОВЕКУ ЖИЗНЬ!



По результатам скрининговых исследований у 52-летней жительницы города Талдыкорган обнаружили рак молочной железы.

Скрининг представляет собой систематическое обследование населения с целью выявления ранних признаков различных заболеваний. Этот подход имеет решающее значение для ранней диагностики и успешного лечения многих заболеваний, включая рак, гипертонию, диабет, и другие. Медицинский скрининг играет важную роль в предотвращении заболеваний и снижении смертности.

Вот что говорит 52-летняя жительница города Талдыкорган оценившая важность скрининговых исследований на своем личном опыте:

«Ранее я не обращала особого внимания на ежегодные профилактические осмотры. Так как вхожу в группу риска по возрасту в начале этого года участковая медсестра пригласила на скрининг. Пришла в свою поликлинику сдала необходимые анализы. У меня не было никаких жалоб на здоровье. Но по результатам анализа у меня выявили рак молочной железы 1 стадии. Это было для меня большим шоком. Как ведь я даже не почувствовала никаких изменений в своем организме. Дальше врачи направили меня на все необходимые анализы, исследования и по portalу мне сделали операцию в онкологической больнице города Алматы. Все в рамках медицинского страхования, бесплатно, так как я трудоустроена за меня отчисления и взносы за ОСМС производит работодатель. На сегодняшний день чувствую себя хорошо, трудоспособна. На постоянной основе наблюдаюсь у своего терапевта».

За 9 месяцев в регионе прошли скрининговые обследования около 260 тысяч жителей. И почти у 18 000 пациентов выявили различные заболевания по результатам обследований.

Одной из важных составляющих ГОБМП и ОСМС является проведение медицинского скрининга. Чаще всего выявляются такие болезни как артериальная гипертония, ишемическая болезнь сердца, заболевания желудочно-кишечного тракта, хронические заболевания почек. В структуре онкологической заболеваемости на первом месте рак молочной железы, на втором – рак шейки матки, на третьем – рак желудка. Уточним, которое диагности-

руется в системе ОСМС на основании статуса «Застрахован».

«Любую болезнь легче предупредить, чем лечить. Именно для этого проводятся так называемые скрининги - чек-апы здоровья. Серьезные проблемы нередко становятся неожиданной находкой в ходе стандартного планового исследования. Порой профилактические осмотры в прямом смысле спасают людям жизнь», - говорит заместитель директора филиала ФСМС по области Жетісу Ганиет Салимгали.

На сегодняшний день жители региона могут пройти 8 видов скринингов для разных возрастов.

«Скрининг помогает выявить заболевание на ранней стадии или предрасположенность к нему, подобрать оптимальное лечение и назначить комплекс профилактических мер. Конечно, скрининг мы рекомендуем абсолютно всем пациентам. Однако в особой группе риска люди с хроническими заболеваниями, люди с наследственной предрасположенностью к определенным заболеваниям, курящие люди, люди с ожирением, с потенциально вредной для здоровья работой, испытывающие сильный стресс, а также — психологические и физические перегрузки, люди, которые много лет не появлялись у врачей и не проходили стандартных важных исследований», - рассказала заместитель директора Талдыкорганской городской поликлиники Айна Тлеуканова.

Самое важное, помнить, что скрининговые исследования позволяют начать лечение на ранней стадии, что обычно более эффективно чем лечение на поздних стадиях заболевания.

Проверить свой статус в системе ОСМС можно с помощью следующих инструментов:

- мобильное приложение Qoldau 24/7
- официальный сайт fms.kz
- @SaqtandyryBot в Telegram
- Контакт-центр 1414
- мобильное приложение Damumed.
- на сайте электронного правительства egov.kz в разделе «Здравоохранение»
- мобильные приложения банков второго уровня – Kaspi.kz, Halyk, Bcc.kz.

Если при наличии статуса «Застрахован» возникают вопросы или проблемы с получением медицинской помощи в поликлинике можно незамедлительно обратиться в службу поддержки пациентов (есть в каждой поликлинике) или оставить обращение через официальные каналы связи Фонда: колл-центр 1414, мобильное приложение Qoldau 24/7, филиал Фонда по области Жетісу по номерам +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА



Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-

шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, коды енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭҮ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметі электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық
ақпаратты қалыптастыру прокуроры**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ



Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Әлем сыбайлас жемқорлықсыз әлемді қалайды.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық бүткіл әлемнің дертіне айналды, халықтың кедейленуі мен елдің әл айқатының нашарлауы осы жемқорлыққа әкеліп тіреледі. Сыбайлас жемқорлықтың орын алып, берен алуына тікелей біз адамзаттың ықпалы зор. Бұл дүниенің пайдасыз, ақымақтық іс екенін біле тұра сол затты жасаймыз осы қасиет түптің түбінде адамдардың өзіне соққы болып тиері анық емес. Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ қандай болар екен? Қазіргі қоғамда мойындайық жемқорлық ауру секілді әлемде тарап жатыр, көп мемлекеттер осы дерттен айығу үшін бар күшін салып жұмыстануда. Егерде жер бетіндегі адамзат жемқорлықты жой-

са әлем толықтай өзгеріске ұшырап еді. Ең алдымен адам мен адам арасындағы қарым-қатынас нығайып, сенім көбиді. Қазір бәріміз білетіндей сенім адамдар арасында өте әлсіз бола түседі. Бір-біріне сенбей, ту сыртан пышақ сұғып қаны бір бауырларда жауға айналуға. Бұның бәрі қоғамда орын алған әділетсіздіктің ықпалы. Ал болашақта бұл оқылықтың орнын тоқтырып, жасап жатқан қателігімізді түзетсек әлемге деген көз қарас түбегейлі өзгереді. Адамдар өз күш жігеріне, біліміне сенбей ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүргенге әуес болуда. Жемқорлық бар жерде сапалы білім, жұмыс жүрмейді тіпті елдің дамуы қиындай түседі. Жемқорлықты жеңбеген елдің болашағы қараңғы. Сыбайлас жемқорлықпен күресіп тұп тамырымен жойсақ, жемқорлықсыз әлем жүйесін орнатсақ адамдар тек өзіне сеніп, қандай қиын жол болмасын өңсеріп өтуге тырысады. Жемқорлықтың көрсеткіші ұрпақ елдің нығайуына бар күш жігерін салып, жұмыстанады. Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ әлемді құтқарады. Болашақта үлкен сеніммен, ұміт сыйлайды. Адамдарды барлық тұрғыдан дамытып, басшы мен халық арасында сенім көпірін салады. Адамдар қателікті өзгеден емес өзінен іздейтіндей жағдайға жеткізеді. Осылайша мемлекет ішіндегі тыныштықты сақтап, елді қорғай аламыз.

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ БҮГІНГІ МАҢЫЗЫ



Адам өзінің пайда болуынан бастап қоршаған ортаға әсер етті және әсер етті. Алайда, бұл әсер өнеркәсіптік революция басталғаннан бері он сегізінші ғасырда ғана нақты көлемге жетті. Осы кезде адам жабайы табиғаттың табиғи тізбегінен шығып, планетаға өз ережелерін айта бастады.

Планета өзгере бастады, бірақ біз оны бірден байқамадық - біздің өркениетіміз басқа нәрселермен айналысқан: отын (көмір, газ, тақтатас, мұнай), металл және басқа да пайдалы қазбалар. Табиғат табиғи жолмен шығарған және адам

тәркілеген осы заттардың барлығы табиғатқа оралды, бірақ басқаша жолмен. Бұл топырақтың, судың және ауаның жаһандық ластануына айналды және экологиялық дағдарыстың себебі болды. Бұл процестің қарқындылығы апатты қарқынмен өсуде және адамзат жақын арада экологиялық дағдарыстың ауыр зардаптарын жоюы керек. Жаңа ғасырға аяқ басқан Қазақстан Республикасы, көптеген мемлекеттер сияқты, қоршаған орта саласында елеулі проблемаларға тап болды. Көптеген онжылдықтар бойы Қазақстанда қоршаған ортаға өте жоғары техногендік жүктемелері бар табиғатты пайдаланудың басымы шикізат жүйесі қалыптасты. Бұл біздің республикамызда ауыр мұра болып қалған көптеген экологиялық проблемалардың туындауына ғана емес, сонымен қатар тұрақты өсуге әкелді.

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны қорғауды және табиғатты пайдалануды басқаруды қамтамасыз етудің мүлдем жаңа мемлекеттік жүйесінің қалыптасуына айналды. Оның баста-

луы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы болды, онда Қазақстанның экологиялық проблемалары алғаш рет қаралып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі айқындалды.

Қазіргі уақытта біздің республикамыздың көптеген аймақтарында экологиялық жағдай қолайсыз ғана емес, бірақ апатты. Бүгінгі таңда экологиялық дағдарыстың ең қауіпті көріністеріне техногендік шөлейттену, су ресурстарының сарқилуы және ластануы, атмосфераның ластануы, ормандардың жойылуы, биоәртүрліліктің қайтымсыз төмендеуі және тірі организмдердің генетикалық қорының жойылуы, өмірге қауіп төндіретін өнеркәсіптік апаттардың қайта жандануы, радиациялық ластану жатады. Бұл проблемаларды шешуді дер кезінде қолға алмаған жағдайда салдары адамзатқа тию қауіпі жоғары.

Оспан Еркежан ТАЛҒАТҚЫЗЫ, Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Журналистика 2 курс

HABARLANDYRU

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Б.Ө.Исабаев 2023 жылғы 1 қараша күні сағат 10.00-де Ескелді ауданы әкімдігі ғимаратының 2 қабатында аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Мекен-жайы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 67. Сондай-ақ, сағат 11.00-де өңір басшысы аудандық мәдениет үйінің ғимаратында аудан тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Мекенжайы: Қарабұлақ ауылы, Балпық Би көшесі, 55.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша және Ескелді ауданы әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «eskeldy_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/eskeldy_akimdigi?igshid=OGQ5ZDc2ODk2ZA%3D%3D&utm_source=qr сілтемесі бойынша жүргізіледі.

Уважаемые жители Ескельдинского района!

1 ноября 2023 года в 10.00 часов в здании акимата Ескельдинского района (2 этаж) аким области Жетісу Исабаев Б.О. проведет прием граждан по личным вопросам.

Адрес: с.Карабулак, ул.Оразбекова, 67. Также в 11.00 часов в здании районного дома культуры состоится встреча акима области с населением.

Адрес: с.Карабулак, ул.Балпық би, 55.

Прямая трансляция встречи будет вестись на странице акимата области «jetisu_akimdigi» в «Instagram» по ссылке: https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= а также на странице акимата района «eskeldy_akimdigi» в «Instagram» по ссылке: https://instagram.com/eskeldy_akimdigi?igshid=OGQ5ZDc2ODk2ZA%3D%3D&utm_source=qr

Қаратал ауылдық округі тұрғындарының назарына!

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру туралы хабарландыру

Конкурс өткізу туралы хабарландыру
Конкурсты ұйымдастырушы: Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы.

электрондық пошта мекенжайы: dpp_mb@mail.ru; байланыс телефоны: 8 (7282) 32 93 91

Конкурстың нысанасы: кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру

Конкурс нысаны: ашық конкурс.
Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру орны: KEZEKTE.KZ субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.

Өтінімдерді ұсыну мерзімі: 2023 жылғы «06» - «10» қарашаны қоса алғанда дейін.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылдауға жатпайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=rz>

“Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты” ММ

Открылось наследственное дело на имя гражданина Шац Сергея Валентиновича, дата смерти 12.08.2023 года, наследников просим обратиться к нотариусу с.Карабулак, р.т.-3-00-99

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2 947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК



Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер ер салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

“ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

SHOP NOW

- ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ
- ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ
- SPORT /ГИМНАСТИКА
- ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет
қазак және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрарционное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1135 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ